Ат байлар алтын бағана

ШАБАНБАЙ БИ

Шабанбай Жанқұтты балаға бата бермей тұра сынап мынандай сұрақ қойыпты:

- Дүниеде не таза, не ауыр? -деген екен.

Жанқұтты ойланбастан судан таза еш нәрсе жоқ, су арамды кетіреді. Жерден ауыр еш нәрсе жоқ, жер жаһанды көтереді, - деген екен.

Жанқұттының жауабына риза болған Шабанбай жай қолыңды деп батасын беріпті:- Аллаға жағамын десең, азанды бол, Ағайынға жағам десең, қазанды бол, Халыққа жағам десең, әділ бол, Судай таза бол, Жердей көтерімді бол, Айналаң толған суат болсын, Бір сөзің халқыңа қуат болсын, - әумин депті.Жанғұтты мен оның қасына еріп барған өзі тұстас жастар бұл батаны қомсынып-қырап қайтыпты. Ауылына келген соң батаны естіген ел жақсысы Ботантай қатты риза болып: «Қабыл болсын, әумин!» - депті.

Ботантай батаның мәнін өзінше тұспалдап, бағалаған екен.

Біздіңше оның мәні мынандай болса керек: Аллаға жағу дегені - мұсылмандықты берік ұстау: намаз, оразаны қаза етпеу, исламның бес парызын қалт жібермей орындап отыру, имандылық, инабаттылық, үлкенге құрмет,- кішіге ізет көрсету.

Халыққа жағам десең адал бол деуі: билік жүргізсең әділ бол, халықтың ойынан шықсаң, сені басына көтеріп құрметтейді. Білген ақылыңмен жол көрсетсең, қиыншылықта елді аман-есен алып шықсаң сені нағыз адал ұлы санайды.

Ағайынға жағам десең қазанды бол деуі-кеңпейілділік, қайырымдылық, байға да кедейге де, ұлыққа да кішікке де, үлкенге де, кішіге де, ауылдасқа да, жолаушыға да, жетім мен жесірге де есік ашық, төрі жазық, дастарқаны жаюлы, асы әзір болу.

Су тазартпайтын лас жоқ. Судан таза зат жоқ. Жер көтермейтін ауырлық жоқ. Тауды да, тасты да, өзенді де, көлді де, теңізді де, мұхитты да, орманды да көтеріп тұратын - Жер. Адал да, арам да, данышпан да, ақымақ та, қысқасы, он сегіз мың ғалам жердің мойнында. Соның бәріне қыңқ етіп жатқан жер жоқ. Жақсының бағасын, арамзаның сазайын, бір Алла өзі береді. Бұл батаның Шабекең меңзеген бағыты да міне, осындай болса керек.

Шабанбай бидің аузының дуалы екендігін Жанқұттыға берген батасының түгелдей қабыл болуынан байқауға болады.Шабанбайдың батасы қабыл болып, Жақсы Жанқұ'тты атанды. Жақ,сы атануы халыққа жаққандығы.

Аллаға жаққандығы - Қажылыққа екінші рет барып, тілегі қабылданып Мекке-Мединеде, пайғамбарымыз Мұхаммедтің жанында Жәннаты бақида жерленуі. Шабанбай би 85 жасында дүниеден қайтқан. Зираты Шет ауданының «Кеншоқы» ауылдық округінің жерінде.

Шет өңірі.2019.-14 наурыз (№11).-3 б.